

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N 384/73 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қаңтарда N 3672 болып тіркелді Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы N 388/12 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 31.12.2014 N 388/12 қаулысымен.**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық - атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ауыл округтерінің әкімдері Лебяжі аудандық қылмыстық - атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін сотқа тоқсан сайын ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	А. Құрманова
	Лебяжі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N384/73 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы"

## **Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстар түрлері**

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау.
2. Аумақты қызылсу мұздан тазарту.
3. Аумақты қардан тазарту.
4. Аумақты қоқыстан тазарту.
5. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.
6. Аумақты арамшөптен тазарту.
7. Қоқысты жинау және шығару.
8. Жас бұтақтарды кесу.
9. Ағаштарды кесу.
10. Ағаштарды әктеу.
11. Ағаштар егу.
12. Гүлзарларды бөліп отырғызу.
13. Көгалдарды қолмен қайта қазу.
14. Шөпті шабу.
15. Қоқысты жинау және шығару.
16. Ғимараттарды әктеу.
17. Ғимараттарды сырлау және өзге де жөндеу жұмыстары.